



Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин және жалпыұлттық коалицияның мүшелері Ақтөбе жұртшылығымен кездесті.

Өнер орталығында өткен жиынға мыңға жуық адам қатысты. Олардың қатарында қоғам қайраткерлері, еңбек ардагерлері, мәслихат депутаттары, қоғамдық кеңестердің, этномәдени бірлестіктердің, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың мүшелері, сондай-ақ білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт, бизнес салаларының

өкілдері, жастар қауымы және өзге де азаматтар бар.

Онда Жаңа Конституция жобасының негізгі ережелері және аталған құжаттың мемлекеттің алдағы даму бағытына ықпалы талқыланды.

Мемлекеттік кеңесші Ерлан Қарин Жаңа Конституция жобасын өзінше барысы туралы жан-жақты баяндап, оның ел бола-

ӘДІЛЕТТІ ҚОҒАМ — ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ КЕПІЛІ

шағы үшін маңызына тоқталды.

— Жаңа Конституция жобасында адам капиталын, білім беру ісін, ғылым мен инновацияларды дамыту мәселесі негізгі стратегиялық басымдықтар ретінде айқындалды. Осылайша Жаңа Конституция мемлекет дамуына тың серпін береді. Жаңа Конституцияның мәні мен маңызы — оның еліміздегі барша азаматтың, барлық әлеуметтік және кәсіби топ өкілінің мүддесі мен сұранысын қамтуында, — деді Ерлан Қарин.

Парламент Мәжілісі Төрағасының орынбасары Дания Еспаева Жаңа Конституциядағы меншік құқығы мен ұлттық экономика мүдделерін қорғау ісіне қатысты нормаларға назар аударды.

Әділет министрі Ерлан Сәрсембаев Ата Заң жобасында азаматтардың құқығы мен бостандығы кепілін күшейту және тәуелсіз адвокатураның рөлін арттыру мәселелеріне ерекше мән берілігін атап өтті.

Жиында Қазақстанның Еңбек Ері Аманғос Төлеуов жаңа Конституция мазмұнының әлеуметтік бағыты мен адамға негізделген бағдарын ерекше атап өтті.

Театр және кино актері Асылхан Төлепов жаңа конституциялық нормалардың мәдениетті, шығармашылық еркіндікті және креативті индустрияны дамытуға қатысты маңызына мән берді.

Жиынға модераторлық еткен облыс әкімі Асхат Шахаров жаңа Конституцияның мемлекет дамуы мен қоғам тұрақтылығын нығайтудағы стратегиялық рөлін сөз етті. Өңір алдында экономиканы әртараптандыру, инвестициялық белсенділікті күшейту, жаңа жұмыс орындарын құру және халықтың әл-ауқатын арттыру міндеті тұр.

— Жаңа Конституция — Әділетті Қазақстанның берік іргетасы. Ал Әділетті Қазақстан әрбір азаматтың мүмкіндігі мен әлеуетін ашады. Біз осы жолда бар күш-жігерімізді жұмсаймыз. Біздің өңірдің міндеті — елдік ба-

стамаларды сапалы жүзеге асыру, әлеуметтік-экономикалық дамуды қамтамасыз ету, халықтың тұрмыс сапасын арттыру. Инвестиция тарту, жаңа жұмыс орындарын ашу, шағын және орта бизнесті қолдау — нақты басымдықтарымыз. Бізге тұрақтылық, заң мен тәртіп, әділетті қоғам қажет, — деді өңір басшысы.

Барша қатысушы жаңа Конституция қабылдау қадамы мемлекет пен қоғам арасындағы кері байланыс тетіктерін күшейтіп, еліміздің одан әрі прогрессивті дамуына серпін беретінін ерекше атап өтті.

Жиын қорытындысы бойынша қатысушылар жаңа Конституция жобасы қоғамның әділдік пен институционалдық тұрақтылыққа деген сұранысына толық жауап беретінін, сондай-ақ мемлекетті одан әрі жаңғыртуға қажет берік құқықтық негіз қалыптастыратынын жеткізді.

Д.АЙДАР.



Бүгінгі санда:



ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІН АЛУ ҚИЫН БА?

9



КӨРШІҢІЗБЕН ҚАЛАЙСЫЗ?..

10



МӘНЕРЛЕП СЫРҒАНАУ: МҰЗ ҮСТІНДЕГІ ӨНЕРДІҢ БҮГІНІ

15